

«Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының хаттамасы

«Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері: «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ Басқармасы; заңды мекенжайы және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19.

Жиналысты өткізу орны мен күні:

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19
29 мамыр 2024 жыл

Жиналыстың басталу уақыты: 11 сағат 00 минут

Жиналыстың аяқталу уақыты: 11 сағат 40 минут

«Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысында (бұдан әрі – Жиналыс/Қоғам) қатысқандар:

1) Акционерлер Заңды тұлғалар:

- Қоғамның саны 100 120 дана дауыс беретін қарапайым акцияларына иелік ететін, 14.05.2024ж. №3 сенімхат негізінде әрекет ететін, Афонина Елена Викторовна тұлғасындағы, «Сентрас Капитал» ЖШС, бұл жалпы орналастырылған акциялар санының 81,80% құрайды;

- Қоғамның саны 4 245 дана дауыс беретін қарапайым акцияларына иелік ететін, 16.05.2024ж. №5 сенімхат негізінде әрекет ететін, Афонина Елена Викторовна тұлғасындағы, «Centrica» ЖШС, бұл жалпы орналастырылған акциялар санының 3,47% құрайды;

- Қоғамның саны 7 342 дана дауыс беретін қарапайым акцияларына иелік ететін, Жарғы негізінде әрекет ететін, Басқарма Төрағасы Турысбеков Бейбит Абдиманопович тұлғасындағы, «Сентрас Иншуранс» БК» АҚ, бұл жалпы орналастырылған акциялар санының 6,00% құрайды;

2) Акционерлер жеке тұлғалар: Ильяшов Альнур Кайратович, ЖСН 771102300234, Қоғамда саны 33 дана дауыс беретін қарапайым акцияларға иелік етеді, бұл жалпы орналастырылған акциялар санының 0,027% құрайды;

3) Қоғам қызметкерлерінің қатарынан шақырылған тұлғалар;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігінің Сақтандыру нарығы және актуарийлік есеп департаментінің Өмірді сақтандыру компанияларын бақылау басқармасының Бас маманы А.М.Калаубай

Қоғам тіркеушісі «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға ұсынған ақпарат бойынша, 2024 жылғы 01 мамырдағы жағдайы бойынша (акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлер тізімін жасау күні), Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 122 400 дана қарапайым акцияларды құрайды. Қоғамның дауыс беретін акцияларына иелік ететін акционерлердің жалпы саны – 426, оның ішінде 6 заңды тұлға және 420 жеке тұлға.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес, егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлер тізімін жасағаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі қоғамның дауыс беретін

акцияларын иеліктен шығарса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жана акционерге өтеді. Бұл ретте, акцияларға арналған меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуға тиіс.

Акционерлердің Жылдық жалпы жиналысына қатысу үшін тіркелу аяқталған сәтте Қоғамның жиынтығында 111 740 дауыс беретін қарапайым акцияларына иелік ететін 4 акционер тіркелді және қатысып отыр, бұл Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларының 91,297% құрайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 45-бабы 1-тармағына сәйкес, егер жиналыс қатысушыларын тіркеуді аяқтау сәтінде қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында елу және одан артық пайызына иелік ететін, жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы. Осылайша, «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысы заңды болып есептелінеді.

Акционерлер мен шақырылған тұлғалармен амандасып, Басқарма төрағасы О.А.Ханин мырза жиналысты ашты, Жиналыстың жұмыс органдарын – төрағасын, хатшысын және санақ комиссиясын сайлауды ұсынды.

Жиналыс төрағасы ретінде Б.А.Турысбеков мырзаны, Жиналыс хатшысы ретінде – Корпоративтік хатшының м.а. – Т.П.Ким ханымды сайлау ұсынысы түсті. Санақ комиссиясының құрамына мынадай тұлғаларды енгізу ұсынылды: Е.В.Белозерова, С.С.Балыкбаева, Ю.В.Шведкова

Басқа ұсыныс түскен жоқ.

Дауыс беру ашық тәсілмен (қол көтеру арқылы) жүргізілді.

Дауыс беру қорытындылары:

Жиналыс төрағасын сайлау:

«Үшін» - 111 740 дауыс;

«Қарсы» - 0 дауыс;

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Жиналыс хатшысын сайлау:

«Үшін» - 111 740 дауыс;

«Қарсы» - 0 дауыс;

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Санақ комиссиясын сайлау:

«Үшін» - 111 740 дауыс;

«Қарсы» - 0 дауыс;

«Қалыс қалғандар» - 0 дауыс.

Жиналыс төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесі ұсынған күн тәртібін айтты:

1. Қоғамның 2023 жыл үшін жылдық қаржы есептілігін бекіту және 2023 жыл үшін аудиторлық есептемені қарау туралы.
2. Қоғамның 2023 жыл үшін таза кірісін бөлу тәртібін бекіту туралы. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу/төлемей жөнінде шешім қабылдау туралы.
3. Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасы мүшелерінің құрамы және сыйақы мөлшері туралы.
4. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау.
5. Қоғам мен олардың лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініш жасауы және оларды қарау қорытындылары туралы.
6. Директорлар кеңесінің мүшелерімен және Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен сақтандыру шарттарын жасау туралы.
7. Қоғамның жасалуында мүддесі бар мәмілелерді жасауы және Қоғаммен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау туралы.

8. «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 01.01.2024ж. жағдайы бойынша қауіптерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдау туралы.

9. И-127 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның «Корпоративтік басқару кодексін», П-24 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережесін», И-59 ««Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның басшы қызметкерлеріне енбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ басқа материалдық көтермелеу түрлері бойынша ішкі саясатын» жаңа редакцияда бекіту туралы.

Күн тәртібіне қарсылық білдіру және толықтырулар келіп түскен жоқ. Жиналыстың күн тәртібін бекіту үшін ұсынылған редакцияда акционерлердің дауыс беруі ұсынылды.

Санақ комиссиясының төрағасы күн тәртібін бекіту туралы дауыс беру нәтижелерін айтты:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАҢДАР»	0	0

Күн тәртібі ұсынылған редакцияда қабылданды.

Дауыс беру нысанын таңдау максатында дауыс беруді ашық тәсілмен жүргізу ұсынысы келіп түсті.

Дауыс беру нысаны бірауыздан таңдап алынды.

Жиналыс күн тәртібінің мәселелерін қарауға кірісті.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз Басқарма Төрағасы О.А.Ханин мырзаға берілді. Сөз сөйлеуші акционерлерді Қоғам қызметінің 2023 жыл ішіндегі негізгі нәтижелерімен таныстырды және Қоғамның 2023 жыл үшін аудит қорытындылары бойынша «Grant Thornton» ЖШС дайындаған аудиторлық есептемесін ұсынды.

Компанияның 2022 жылы қараша айында жалпы сақтандыру саласынан шығуына және жалпы сақтандыру бойынша Компанияның сақтандыру портфелін «Сентрас Иншуранс» БК» АҚ-ға табыстауына байланысты Компанияның қайта құрылымдалуына байланысты 2022 жылдың деректерін Компания өз қызметін өмірді сақтандыру саласында ғана жүзеге асырған 2023 жылдың деректерімен салыстыру Компанияның сақтандыру қызметіне нақты талдау бермейді.

Өткен 2023 жылы 4 ХҚЕС (IFRS) нормалары мен талаптарын ескере отырып, сақтандыру бойынша жиналған брутто сыйлықақысының көлемі 7,709,497 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 32,216%-ға аз. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақы көлемі 66 900 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 92,55%-ға аз. 2023 жыл үшін таза сақтандыру сыйлықақылары 7 642 597 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылға қарағанда 27,043%-ға аз.

Өткен 2023 жыл үшін Компания 573 432 мың теңгеге сақтандыру төлемдерін жүзеге асырды, 2022 жылға қарағанда 90,353%-ға аз. Таза сақтандыру төлемдерінің көлемі 573 126 мың теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда 86,542%-ға.

2023 жыл үшін сақтандыру қызметі бойынша таза кіріс 816 764 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылға қарағанда 77,087%-ға аз.

2023 жыл үшін Компания инвестициялық қызметтен 3 922 778 мың теңге мөлшерінде кіріс алды, 2022 жыл үшін инвестициялық зиян 2 425 606 мың теңге құрады.

Компанияның активтері 2023 жыл үшін 24,542%-ға өсті және жылдың соңында 23 331 246 мың теңге құрады.

Компанияның меншік капиталы 2023 жылғы 31 желтоқсанға 9 317 794 мың теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда 12,872%-ға немесе 1 376 524 мың теңгеге төмендеді.

Осылайша, Компанияның қаржы нәтижесі қаржы есептілігіне сәйкес мынаны құрады:

кірістер – 10 624 680 мың теңге;

шығыстар – 11 232 934 мың теңге;

өзге жиынтық кіріс – 95 447 мың теңге;

корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар – 688 633 мың теңге.

Пайда мен шығыстар туралы есептеме бойынша жиынтық бірлескен зиян – 1 201 440 мың теңге.

2023 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген 2023 жылға арналған жаңа стандартты ескере отырып, салыстырмалы түрде алғанда, 2023 жылғы сақтандыру түсімі 2,731,124 мың теңгені құрады, стандарттың жаңа ережелеріне сәйкес қайта есептелген сақтандыру түсімі 1,303,516 мың теңгені құрады. Сақтандыру шығыстары – 1,182,482 мың теңге, 2022 жыл бойынша тиісінше 1,316,042 мың теңге; қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын шығыс/(кіріс) – 180,443 мың теңге, 2022 жылы қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын кіріс/(шығыс) – 293,104 мың теңге; 2022 жылы «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша тоқтатылған қызметтен түскен таза пайда 9,936,491 мың теңгені құрады, 2023 жылы бұл бап бойынша дерек жоқ; 2022 жылы «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру портфелін табыстаудан келген таза залал 6,413,049 мың теңгені құрады, 2023 жылы бұл бап бойынша дерек жоқ.

Күшіне енген «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS) нормалары мен талаптарын ескере отырып, 2023 жылдағы инвестициялық қызметтен түскен кіріс/(залал) 3,480,892 мың теңгені құрады, сәйкесінше 2022 жыл бойынша қайта есептелген нәтиже - инвестициядан қызметтен алынған залал/(кіріс) 2,335,522 мың теңге.

Компанияның активтері 31.12.2023 жағдай бойынша 24,171,356 мың теңгені құрады, 2022 жылмен салыстырғанда бұл 5,036,841 мың теңгеге көп және тиісінше 20%-ға жоғары.

Компанияның меншікті капиталы 748,812 мың теңгеге азайып, 9,982,179 мың теңгені құрады. Бүгінгі күні 2022 жылғы деректерді 2023 жылдың деректерімен салыстыру Компанияның сақтандыру қызметіне нақты талдауды бермейді, өйткені ол көптеген өтпелі талапқа, өтуң нұсқалары мен пайымдауға байланысты. 17 ХҚЕС (IFRS) стандарты бойынша ұсынылған есептіліктің тұжырымдамалық айырмашылығы, онда есептеу параметрлерін бағалаудың егжей-тегжейлі әдісін көзделмеген, ол сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде актуарийдің өзіндік пайымдауы мен өз үлгілеріне негізделген.

Бұл баяндама бойынша сұрақтар келіп түскен жоқ.

Жиналыс Төрағасы Қоғамның 2023 жыл үшін қаржы-шаруашылық қызметінің жылдық қаржы есептілігін бекіту және 2023 жыл үшін аудиторлық есептемені назарға алу үшін дауыс беруді ұсынды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша Басқарма Төрағасы О.А.Ханин мырза сөз сөйледі, ол «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2023 жыл үшін қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша және аудиттелген қаржы есептілігіне сәйкес Қоғамның жиынтық зияны 1 201 440 мың теңге мөлшеріндегі соманы құрады.

Осыған байланысты, Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі отырысында №13 хаттама осы мәселені қарап, «Көммеск Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2023 жыл үшін қаржы нәтижесін акционерлердің Жылдық жалпы жиналысының назарға алуын ұсынады, таза кірісті бөлу туралы мәселені Директорлар кеңесі қарастырмады.

Баяндама бойынша қарсылық білдірулер және осы мәселе бойынша басқа ұсыныстар түскен жоқ.

Төрағалық етуші «Көммеск Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2023 жыл үшін қаржы нәтижесін назарға алуды ұсынды, 2023 жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер есептемеу және төлемеу.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің тапсырмасымен төрағалық етуші Б.А.Турысбеков сөз сөйледі және акционерлерді Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат берді. Мәселен, 2023 жыл үшін Директорлар кеңесі мен Қоғамның Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері 377 594 мың теңгені құрады, оның тіркелген сыйақы мөлшері 365 564 мың теңгені, тіркелмеген сыйақы - 12 030 мың теңгені құрады.

Баяндама бойынша сұрақтар болған жоқ.

Төрағалық етуші ұсынылған ақпаратты назарға алуды ұсынды.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша Басқарма Төрағасы О.А.Ханин мырза сөз сөйледі. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық компания ретінде «Grant Thornton» ЖШС – тәуелсіз аудиторлық ұйым ұсынылады, ол әлемнің 130 астам елінен тәуелсіз аудиторлық-консультациялық фирмаларды біріктіретін озық халықаралық ұйымдардың бірі Grant Thornton International Ltd құрамына кіреді. «Grant Thornton» ЖШС-ның Тоңтардың аудиті бойынша мол тәжірибесі және біздің өңірде сақтандыру компаниялары тап болуы мүмкін қаржы және операциялық қиындықтардан тереңдетілген білімі бар. Бухгалтерлік және аудиторлық қызметтер халықаралық сапа мен кәсіпқойлық стандарттарына сәйкес орындалады.

«Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 20-бабы 2-тармағына сәйкес, сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниясы, сақтандыру брокері, сақтандыру төлемдерінің жүзеге асырылуына кепілдік беретін ұйым, сақтандыру холдингі және сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниясы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушылар болып табылатын ұйымдар, сондай-ақ сақтандыру тобына кіретін ұйымдар өз қызметінің аудитін жеті жылдан артық қатарынан бір аудиторлық ұйымда немесе бес жылдан артық қатарынан аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторда жүргізуге құқылы емес.

«Grant Thornton» ЖШС 2023 жылдың қорытындылары бойынша Қоғам қызметінің аудитін жүргізді. Бұрын 2022 жылдың қорытындылары бойынша Қоғам аудитін «ALMIR CONSULTING» ЖШС жүргізген, осыған орай заңнамана талаптарының бұзушылықтары болмайды.

Акционерлерден сұрақтар мен қарсы білдірулер болған жоқ.

Жиналыс Төрағасы «Grant Thornton» ЖШС-ны 2024 жылдың қорытындылары бойынша Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде белгілеу ұсынысы үшін дауыс беруді ұсынды.

Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша сөз Қоғамның Корпоративтік хатшысының м.а. Т.П.Кимге берілді, ол 2023 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініш жасауы тіркелмегенін хабарлады.

Түсіндірмеле мен сұрақтар болған жоқ.

Төрағалық етугі ұсынылған ақпараттың назарға алынуын ұсынды.

Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша Қоғамның Корпоративтік хатшысының м.а. Т.П.Ким сөз сөйледі, ол акционерлерге мынадай ақпаратты мәлімдеді. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен жасалуында мүдделілік бар мәмілелер жасау тәртібі көзделген. Заңнама талаптарын сақтау мақсатында, Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі мүдделі тұлғалар болып табылған жағдайда, заңнамамен белгіленген шарттармен Қоғамның міндетті сақтандыру шарттары бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерімен, Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен, Қоғамның Сақтандыру ережелерімен белгіленген шарттармен ерікті сақтандыру шарттары бойынша, басқа сақтандырушылардың шарттарынан, құқықтары мен міндеттерінен ерекшеленбейтін құқықтармен және міндеттерімен Сақтандыру шарттарын жасасуы туралы шешім қабылдау ұсынылады. www.dfo.kz интернет-сайтында және Қоғамның өз сайтында аталған мәмілелерді жасау туралы ақпаратты орналастыру кезінде шарттың күні мен нөмірін ғана, сондай-ақ сақтанрдыру нысаны туралы ақпаратты жариялау керек. Ұсынылатын шешімге акционерлердің Жалпы жиналысының 2024 – 2025 жылдарға арналған аффилиирленген тұлғалармен қоғамның мәміле жасауы туралы шешім мәртебесін беру.

Сұрақтар, қарсылық білдірулер және басқа ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Төрағалық етуші Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерімен, Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен сақтандыру шарттарын жасасуы және ұсынылған тұжырымдауда жарияланатын акпараттың көлемі туралы шешім қабылдау үшін дауыс беруді ұсынды.

Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша Қоғамның Корпоративтік хатшысының м.а. Т.П.Ким сөз сөйледі. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 73-бабы 3-тармағымен қоғамның жасалуында мүдделілігі бар мәміле жасау туралы шешімді, егер қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және қарапайым акцияларға иелік ететін барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылса және (немесе) директорлар кеңесінің шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауы салдарынан мұндай мәміле жасау туралы шешім қабылдау мүмкін болмаса, акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан қарапайым дауыс көпшілігімен қабылдайтыны көзделеді. Бұдан бөлек, «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 15-1 бабымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасауға қойылатын талаптар белгіленді. Мұндай мәмілелер Директорлар кеңесінің шешімімен ғана жасалуға тиіс. Сонымен қатар, Директорлар кеңесінің құрамына Сентрас тобының құрамына кіретін заңды тұлғалар арқылы бір-бірімен аффилиирленген тұлғалар кіретінін ескере отырып, Директорлар кеңесінің үш мүшесінің екеуі мәміле бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға қатысуға құқығы жоқ болатын жағдай пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 71-73 баптарымен, егер Директорлар кеңесінің қажетті шешім қабылдау үшін кворумы болмаса, жасалуында мүдделілік бар мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау үшін тәртіп белгіленген. Қоғамның жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешім, мұндай жағдайда акционерлердің жалпы жиналысымен қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым дауыстар көпшілігімен қабылданады.

Инвестициялық қызмет шеңберінде Қоғам қаржы жылы бойы биржалық сауда-саттықтарға қатысады, оларды жүргізу кезінде мәміле бойынша контрагентті алдын ала анықтау мүмкін емес. Мұндай жағдайларда Қоғам мен оның аффилиирленген тұлғалары арасында жасалуында мүдделілік бар, аталған Заңмен белгіленген тәртіпті бұзумен мәмілелер жасау қаупі бар. Биржа мәмілелерінің шарттарын тараптар айқындамайды, тараптар сауда шарттарына жүгінеді.

Сондай-ақ әртүрлі уақытта Қоғам мен оның аффилиирленген тұлғалары арасында, Қоғамның уәкілетті органдарының шешімімен, ұзартылуы немесе қайта жасалуы жыл сайын жүзеге асырылатын мәмілелер жасалды. Директорлар кеңесі отырысының кворумы болмаған кезде, әрбір мұндай мәміле бойынша акционерлердің жалпы жиналысын шақыруды жүзеге асыру, соның ішінде едәуір уақытша және материалдық шығындарға байланысты нәтижелі болып табылмайды.

Сақтандыру бойынша мәмілелерді, міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, «Көмеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын мұндай мәмілелердің типтік шарттарына сәйкес ғана, «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңының 15-1 бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, «Көмеск-Өмір» ӨСК» АҚ-мен байланысты тұлғалармен жасау ұсынылады. Жасалуында мүдделілігі бар Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен бұрын жасалған мәмілелерді ұзарту қажеттілігі болған кезде, шарттарға немесе бұрынғы шарттармен жаңа мерзімге қосымша келісімдерге қол қою жолымен мәмілелер жасау керек. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен, заңнамамен белгіленген шарттарда және қызмет (жұмыс, тауар) ұсынатын тарап белгілеген шарттар мен тарифтер бойынша, сақтандыру қызметін қолдау, шаруашылық және инвестициялық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті шарттар жасау. Қоғам, қорытындысында мәмілелер жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер болып танылуы мүмкін биржалық сауда-саттыққа қатысқан жағдайда, биржалық сауда-саттықпен белгіленген шарттарда мәмілелер жасау. Егер Қоғамның жасалуында мүдделілігі бар жасалған мәмілесі (шарты) банк құпиясын, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығында коммерциялық

құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге құпия құрайтын ақпаратты қамтыса, Қоғамның мәміле жасау туралы ақпаратты www.dfo.kz сайтында және Қоғамның өз сайтында орналастыру кезінде, шарттың атауын, күні мен нөмірін (бар болса) ғана жариялау. Көрсетілген шешімдерге, «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2024 – 2025 жылдарға арналған жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер жасауы туралы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері мәртебесін беру.

Сұрақтар, қарсылық білдірулер және басқа ұсыныстар келіп түскен жоқ.
Төрағалық етуші ұсынылған шешімді қабылдау үшін дауыс беруді ұсынды.

Күн тәртібінің сегізінші мәселесі бойынша Қауіптерді басқару қызметінің қауіп-менеджері Ч.Т.Жылқыбаев сөз сөйледі, ол Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 Қаулысымен Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін қауіптерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру ережелері бекітілгенін баяндады. Қауіптерді басқару жүйесін қалыптастыру ережесінің 3-тарауының 18-тармағымен акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қауіптерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдау (стандартты диапазон шегінен шығып кететін коэффициенттер бойынша түсіндірмелермен) және директорлар кеңесі бекіткен қауіптерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын (бар болса) ұсыну көзделген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 Қаулысының 3-тарауының 18-тармағын орындау мақсатында Қауіптерді басқару қызметі «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 01.01.2024ж. жағдай бойынша қауіптерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдауды дайындады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша қауіптерді бағалау жүйесі коэффициенттерінің 12-нен 5-еуі стандартты диапазон шегінен шығып кетеді. Бұл ауытқулар компанияның есептік кезең ішінде, 2023 жылдың ақпан айында өмірді сақтандыру бойынша қызметтер көрсетуге лицензия алып, қызмет түрін ауыстыруына байланысты. «Өмірді сақтанды» саласы бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия алуына және «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ жойылуына/бірігуіне байланысты, қауіптерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту міндетті емес деп есептейміз.

Сұрақтар, қарсылық білдірулер және басқа ұсыныстар келіп түскен жоқ.
Төрағалық етуші ұсынылған «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 01.01.2024ж. жағдай бойынша қауіптерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдауды назарға алуды ұсынды.

Күн тәртібінің тоғызыншы мәселесі бойынша Басқарма Төрағасы О.А.Ханин мырза сөз сөйледі, әртүрлі уақытта И-127 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның «Корпоративтік басқару кодексін», П-24 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережесін», И-59 ««Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ басқа материалдық көтермелеу түрлері бойынша ішкі саясатын» соңғы бекіткен күннен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілгенін баяндады. Ұсынылған ішкі құжаттарға қатысты өзгерістер көбінесе редакциялық сипатта болды. Сонымен қатар, Қоғам қызметінде өзгерістер болды, олардың ең маңыздысы «жалпы сақтандыру» саласынан «өмірді сақтандыру» саласына өзгерту болып табылады, бұл Қоғам атуына әсер етті.

Осыған байланысты, ішкі құжаттарды заңнамамен сәйкестікке келтіру және қызмет саласымен өзектендіру мақсатында, атауы бөлігінде, қаралатын құжаттар жаңа редакцияда әзірленді. Құжаттар Басқармамен және Директорлар кеңесімен алдын ала келісілді. Аталған құжаттарды жаңа редакцияда бекіту туралы шешім қабылдау кезінде, бұрын қолданылған редакциялары күшін жойған болып танылуға тиіс.

Сұрақтар, қарсылық білдірулер және басқа ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Төрағалық етуші ішкі құжаттарды жаңа редакцияда бекіту туралы шешім қабылдау үшін дауыс беруді ұсынды. Құжаттардың бұрын қолданылған редакциялары күшін жойған деп танылсын.

Санақ комиссиясының Төрағасы күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру қорытындыларын санады:

Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2023 жыл үшін жылдық қаржы есептілігі бекітілсін. 2023 жыл үшін аудиторлық есептеме назарға алынсын.

Күн тәртібінің 2-ші мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2023 жыл үшін қаржы нәтижесі назарға алынсын, 2023 жыл қорытындылары бойынша дивидендтер есептелмесін және төленбесін.

Күн тәртібінің 3-ші мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: 2023 жыл ішінде төленген Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері және құрамы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің 4-ші мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: 2024 жыл үшін қызмет қорытындылары бойынша «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «Grant Thornton» ЖШС аудиторлық ұйымы белгіленсін.

Күн тәртібінің 5-ші мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініш жасаудың болмауы туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің 6-шы мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: 1. Қоғам міндетті сақтандыру шарттары бойынша заңнамамен белгіленген шарттармен Директорлар кеңесінің мүшелерімен және Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен, ерікті сақтандыру шарттары бойынша, Қоғамның Сақтандыру ережелерімен белгіленген шарттармен, басқа сақтандырушылардың шарттарынан, құқықтары мен міндеттерінен ерекшеленбейтін құқықтармен және міндеттерімен сақтандыру шарттарын жасасын.

2. Аталған мәмілелер жасау туралы www.dfo.kz интернет-сайтында және Қоғамның өз сайтында ақпарат орналастыру кезінде, шарттың күні мен нөмірін ғана, сондай-ақ сақтандыру нысаны туралы ақпаратты жарияласын.

3. 1, 2-тармақтарда көрсетілген шешімдер «Көмеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2024 – 2025 жылдарға арналған Директорлар кеңесінің мүшелерімен және аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер жасау туралы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері болып есептелсін.

Күн тәртібінің 7-ші мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: 1. «Көмеск-Өмір» ӨСК» АҚ, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 15-1 бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, «Көмеск-Өмір» ӨСК» АҚ-мен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалармен, міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, «Көмеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесі бекіткен және үшінші тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын сақтандыру бойынша мәмілелердің типтік шарттарына сәйкес қана сақтандыру мәмілелерін жасасын.

2. Жасалуында мүдделілігі бар Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен бұрын жасалған мәмілелерді ұзарту қажеттілігі болған кезде, «Көмеск-Өмір» ӨСК» АҚ шарттарға немесе бұрынғы шарттармен жаңа мерзімге қосымша келісімдерге қол қою жолымен мәмілелер жасасын.

3. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен, заңнамамен белгіленген шарттарда және қызмет (жұмыс, тауар) ұсынатын тарап белгілеген шарттар және/немесе тарифтер бойынша, сақтандыру қызметін қолдау, шаруашылық және инвестициялық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті шарттар жасасын.

4. Қоғам, қорытындысында мәмілелер жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер болып танылуы мүмкін биржалық сауда-саттыққа қатысқан жағдайда, биржалық сауда-саттықпен белгіленген шарттарда мәмілелер жасасын.

5. Егер Қоғамның жасалуында мүдделілігі бар жасалған мәмілесі (шарты) банк құпиясын, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге құпия құрайтын ақпаратты қамтыса, Қоғамның жасалуында мүдделілігі бар мәміле жасауы туралы ақпаратты www.dfo.kz сайтында және Қоғамның өз сайтында орналастыру кезінде, шарттың атауын, күні мен нөмірін (бар болса) ғана жарияласын.

6. 1-5 тармақтарда көрсетілген шешімдер, «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 2024 – 2025 жылдарға арналған жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер жасауы туралы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері болып есептелінсін.

Күн тәртібінің 8-ші мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: «КСЖ «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның 01.01.2024ж. жағдай бойынша қауіптерді бағалау жүйесінің ұсынылған коэффициентін талдау назарға алынсын.

Күн тәртібінің 9-шы мәселесі бойынша:

	Дауыс беретін акциялар саны	Жалпы акциялар санының %
«ҮШІН»	111 740	91,297
«ҚАРСЫ»	0	0
«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»	0	0

Қабылданған шешім: 1. И-127 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның «Корпоративтік басқару кодексі», П-24 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережесі», И-59 ««Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ басқа материалдық көтермелеу түрлері бойынша ішкі саясаты» жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Акционерлердің 23.05.2019ж. және 28.05.2020 ж. жылдық жалпы жиналыстарының шешімдерімен бекітілген И-127 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның «Корпоративтік басқару кодексінің», П-24 «Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережесінің», И-59 ««Көммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ның басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақы есептеу, сондай-ақ басқа материалдық көтермелеу түрлері бойынша ішкі саясатының» күші жойылған болып танылсын.

Жиналыс Төрағасы акционерлерге жиналысқа қатысканы үшін алғыс білдірді және «Көмеск-Өмір» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ акционерлерінің Жылдық жалпы жиналысын жабық деп жариялады.

Жиналыс Төрағасы



Б.А. Турысбеков

Хатшы



Т.П. Ким

Санақ комиссиясының мүшелері



С.С. Балыкбаева



Е.В. Белозерова



Ю.В. Шведкова